

Оқушылардың мектептегі тәртіп ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ереже

- 1.1. Бұл ереже ҚР «Білім заңына» сәйкес №222 мектебінің 1-11 сынып оқушыларының құқықтарымен міндеттеріне, қауыпсіздігіне, мектеп формасына бірыңғай талап қою мақсатында құрылған.
- 1.2. Ереже мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен қабылданады, және басқару органының келісімі арқылы жүзеге асырылады.
- 1.3. Ережеге педагогикалық кеңестің шешімімен және басқару органның келісімі арқылы өзгерістер енгізілуі мүмкін.
- 1.4. Бұл ереже бойынша мектептің 1-11 сынып оқушыларының мектеп формасы нақтыланып, оны мектепке кию тәртібі бекітіледі
- 1.5. Мектеп формасы балаларға арналған басқа да киімдер сияқты гигиеналық талаптарға, ережелерге сай болуы керек.
- 1.6. Мектептің 1-11 сынып оқушыларының мектеп формасына қойылатын негізгі талаптар:
 - Тазалық пен ұқыптылық;
 - Шаш күтімі мен киімді іскерлік үлгісінде таңдау
- 1.7. Мектеп формасы ата-ана есебінен сатып алынып мектептің 1-11 сынып оқушыларына міндетті болып атбылады.
- 1.8. Аз қамтылған отбасы, көп балалы, қолайсыз отбасы, жартылай және тұл жетімдерге мектептің жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан немесе демеушілердің қаражатымен барынша көмек көрсетіледі
- 1.9. Жылдың әр мезгілінде киюге қолайлы болатындай жағдай жасау.
2. Оқушылардың міндеті:
 - 2.1. Оқушы мектепке үлгісімен(формасымен);
 - 2.2. Ұлдар – классикалық қою қара немесе қара көк түсті костюм шалбар, ақ көйлек, қара, қара көк түсті галстук, туфли. Қыздар – классикалық қою қара немесе қара көк түсті костюм белдемше, ақ жейде не қара-қара көк түсті көйлек, ақ фартук бас киімсіз(орамалсыз), ақ бантик, аяқ киім киіп келуге; Мектеп формасы классикалық стильде тігіліп,қыздар юбкасы алдыңғы жағынан екі складкасы бар кең етектегі тізеден келіп тұруы,ал балалар шалбары еркін тігіліп тобықтан асып тұруы қажет. Қыз балалардың шаштары өріліп,ақ бантик болуы міндетті
 - 2.3. Үлкендерге, мұғалімдерге және басқа да мектеп қызметкерлерге құрметпен

қарауға;

2.4. Көмек керек кезінде кішілерге, мүгедек-кемтарларға көмек көрсетуге.

2.5. Мектеп мүлкін сақтап күтуге, оқулықтар мен басқа да кітапханадағы кітап қорларын ұқыптылықпен сақтауға. Бүлдірген немесе жоғалтқан жағдайда ата-анасына айыппұл салынады.

2.6. Ынталы оқуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және білімді толық меңгеруге.

2.7. Оқушылар мектепте сабақтың басталуына 10-15 минут қалғанда мектеп үлгісінде таза, ұқыпты киініп келуге.

2.8. Төменгі сынып оқушылары сабақтың басталуына 15 минут қалғанда келуге.

2.9. Мектепке кіргеннен соң сырт киімдерін шешіп, шаштарын, киімдерін ретке келтіріп, сынып бөлмесіне барады. Сабаққа керек оқу-құралдарын парта үстіне шығарып, дайын отыруға.

2.10. Сынып бөлмесіне мұғалім кіргенде оқушылар орнынан тұрады. Сәлемдескеннен кейін мұғалімнің рұқсатымен орындарына отырады. Сонымен қатар сабақ үстінде сынып бөлмесіне кірген жасы үлкеніде оқушылар орнынан тұрып сәлемдеседі. Мұғалім немесе басқада жасы үлкен адам сынып бөлмесінен шыққанда да оқушылар орнынан тұрады.

2.11. Сабақ үстінде сабақтың тәртіп ережелерін сол сабақтың пән мұғалімі белгілейді.

2.12. Бір-бірімен алысуға, әр түрлі заттарды лақтыруға, дене күшін қолдануға;

2.13. Сабақ үстінде шулауға, өз бетінше қозғалуға, басқа оқушыларды алаңдатуға, әңгіме айтуға, сабаққа қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен шұғылдануға, ойын ойнауға;

2.14. Егер оқушы ойын айтқысы, жауап бергісі, сұрақ қойғысы келсе қол көтереді. Тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана орындай алады;

2.15. Дәлелді себепсіз сабақтан қалмауға, сабаққа және басқа да іс-шараларға кешікпей келуге;

2.16. Мектеп ережелерімен талаптарын (мектеп әкімшілігінің, мұлімдердің, сынып жетекшілері мен оқушылар ұйымының) орындауға

2.17. Мектептің қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға;

2.18. Өзінің мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға;

2.19. Жаман әдеттерден: темекі шегу, жаман сөз айту, ретсіз қыдыру, салақтық т.б. аулақ болуға, оны болдырмауға;

2.20. Жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыруға, мектепте және басқа да қоғамдық орындарда тәртіп пен тазалықты сақтауға;

2.21. Ұжымда достық қарым – қатынас орнатуға, бірін-бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қорғауға;

2.22. Табиғатқа (өсімдік, жан-жануар т.б.) нұқсан келтірмей, қамқор болуға;

2.23. Оқушылар мұғалімдерді, өзінен жасы үлкен адамдарды «Сіз» деп атауға;

2.24. Оқушылар үлкенге ізетті, кішіге қамқор болуға;

2.25. Өздерінің отыратын, жұмыс істейтін орындарын ретке келтіріп таза ұстауға;

2.26. Мектеп кезекшілерінің және қызметкерлерінің талаптарын орындауға;

2.27. Ыстық және суық тағамдарды тұтыну кезінде тамақтану мәдениетін ұстауға;

2.28. Асханада даындалған және үйден әкелінге барлықтағамдар мен шырындарды тек асханада ғана ішуге;

2.29. Тамақтанып болғаннан кейін үстел үстінің жиыстыруға;

2.30. Дене шынықтыру сабағына оқушылар спорттықформалар мен спорттық аяқ киімдер киеді. Мұғалімнің рұқсатынсыз оқушылар спорт залдан шыға алмайды. Дене шынықтыру сабағынан босатылған оқушылар спорт залда отырады;

2.31. Егер оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалса, сынып жетекшісіне дәрігерлік анықтама немесе қиын жағдайда ата-анадан мәлімдеме қағаз әкеледі.

3. Оқушыларға тыйым салынады

3.1. Өзара түсініспеушілік жағдай болғанда ешкақашан күш қолдануға, лас сөдермен балағаттауға;

3.2. Сабақ уақытында мектептен және мектеп маңынан мұғалімдердің, мектеп әкімшілік мүшелерінің, сынып жетекшінің рұқсатынсыз кетуге;

3.3. Сыныптан тыс және спорттық, мәдени көпшілік іс-шараларды өз бетінше тастап кетуге;

3.4. Мектепке және мектеп маңына қару, өртке қауіпті жарылғыш, жаңғыш сұйықтық, газ баллонын, темекі, спирттікшімдіктер, есірткі, адамды ақылынан айыратын, естен тандыратын, қанын қыздыратын құралдар, сонымен бірге улы және токсиндік заттар әкелуге.

3.5. Шылым шегуге;

3.6. Мектепте ұялы телефонды сабақ кезінде қолдануға тыйым салынады.

3.7. Терезе алдында, жәшіктерге (шкафтарға) және басқа заттарға, шатырға мінуге;

3.8. Электр жүйелерін қосып-айыратын нүктелі жәшіктерді ашуға;

3.9. Мектеп мүлкінің, басқыш сатының үшты бұрыштарына отыруға, асылып тұруға, басқаларды итеруге;

3.10. Шаруашылық заттар қоймасына кіруге;

3.11. Басқыш алаңында және дәлізде, сынып бөлмесінде ретсіз жүгіруге, алыстауға;

3.12. Оқушыларды угіт жүргізу жұмыстарына, саяси акцияларға зорлық-пен тартуға;

3.13. Мектеп ішінде діни сипаттағы киімдер киюге, діни экстримистік насихат жұмыстарын жүргізуге, құқық бұзушылық бейім әрекеттерге баруға және ұйымдастыруға;

3.14. Мектеп ғимаратында (Қоңырау жауап смс) функциялары бар мобильді құрылғыларды қоспағанда, интернет модульдерімен, фото-бейнекамералармен жабдықталған мобильді құрылғыларды (ұялы телефондар, планшеттер, смарт сағаттар және соған ұқсас басқа да құрылғылар) пайдалануға тыйым салынады. (Оқу үдерісіне пайдалануға қажеттілік туындаған жағдайдан басқа);

3.15. Мектеп ғимаратында мектеп оқушылары мен мектеп қызметкерлерінің қару-жарақ,суық қаруларды (пышақ,шаппа,кастет,электронка темекі,электрошокер,травматтық пистолет) ұстауға тыйым салынады.

4. Оқушылардың құқығы:

4.1. Мектептік білім беру стандартына сәйкес тегін жалпы білім алуға (бастауыш,

негізгі, жалпы орта);

4.2. Жалпы білім беретін мекеме кітпханасының ақпараттық қорын тегін пайдалануға, оқулықпен қаматамасыз етілуге басқа да қосымша қызмет алуға;

4.3. Мемлекеттік мекеменің басқару ісіне қатысуға;

4.4. Адамгершілік қасиеттерді қастерлеуге, ар-ождан және ақпарат еркіндігі, өз көзқарасы мен мүдделерін ашық беруге;

4.5. Абыройын, еркіндігін, өз Денсаулығын сақтауға;

4.6. Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

4.7. Іріктеуден өткен жағдайда мектепшілік, қалалық, облыстық , республикалық түрлі пәндік олимпиадаларға, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысуға;

5. Қорытынды ереже

5.1 Ереже мектептің оқу-тәрбие процесіне қатысты барлық іс-шаралар уақытында қолданылады және жүзеге асырылады.

5.2 Ереже педагогикалық кеңесте қаралып, мектеп директорының бұйрығына сәйкес қолданысқа енеді. Сыныптағы әр оқушы осы ережемен танысуға және орындауға міндетті.

№222 орта мектептің ішкі тәртіп
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда қаласы